

## Глуховка ауылдық округінің Бірлік ауылының шекарасын (шегін) белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 20 қарашадағы N 8/5-V шешімі және Бесқарағай аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 19 қарашадағы N 461 бірлескен қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 12 желтоқсанда N 2768 тіркелді

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108-бабының 5-тармағына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 5, 12 баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Бесқарағай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Бесқарағай аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес аландарда Глуховка ауылдық округінің Бірлік ауылының шекарасы (шегі) өзгертілсін және Глуховка ауылдық округінің Бірлік ауылының елді мекенінің шекарасын (шегін) белгілеудің жерге орналастыру жобасына сәйкес **б е л г і л е н с і н .**

2. «Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Калиновский В. Я.) жер-есебі құжаттарына қажетті өзгерістерді **е н г і з с і н .**

3. Осы шешім және қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн **ө т к е н** соң қолданысқа **е н г і з і л е д і .**

*Сессия төрағасы*

*Б. ОМАРОВ*

*Аудан әкімінің м.а.*

*Е. РАХМЕТУЛЛИН*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*Қ. САДЫҚОВ*

Б і р л е с к е н                      Б е с қ а р а ғ а й  
а у д а н д ы қ                      ә к і м д і г і н і н  
ж ы л ғ ы                      1 9                      қ а р а ш а д а ғ ы

2012

№ 461 қаулысы мен  
Бесқарағай аудандық мәслихатының  
2012 жылғы 20 қарашадағы  
№ 8 / 5 - V шешіміне

ҚОСЫМША

**Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Глуховка ауылдық округінің  
Бірлік ауылының елді мекендерінің  
Экспликациясы**

Жер пайдаланушылардың атауы	Жоспардағы барлық жерлер, га	Бөтеннің пайдалануындағы жерлер, га	Елді мекенге бекітіледі, га	Барлық а/ш алқаптары, га	олардан:				өзге де жерлер га
					егістік	тыңайма	шабындық	жайылым	
«Дияз» ш/к 05-240-034-002	39,0	-	39,0	39,0	-	-	-	39,0	-
«Азамат» ш/к 05-240-034-257	17,2	-	17,2	17,2	-	-	-	17,2	-
«Балке» ф\ш 05-240-034-363	64,0	-	64,0	64,0	-	-	-	64,0	-
«Архат-1» ш/к 05-240-034-214	61,2045	0,0045	61,2	61,2	-	-	-	61,2	-
Бірлік ауылының жерлері	2090,4117	151,8117	1938,6	1866,4	1,0	-	49,0	1816,4	72,2
<b>Бірлік ауылы бойынша барлығы</b>	<b>2271,8162</b>	<b>151,8162</b>	<b>2120,0</b>	<b>2047,8</b>	<b>1,0</b>	<b>-</b>	<b>49,0</b>	<b>1997,8</b>	<b>72,2</b>